

Мұнай операцияларын жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 7 маусым N 612. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 28 қарашадағы N 1139 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 28 қарашадағы N 1139 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мұнай операцияларын жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алу ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі мұнай операцияларын жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алуды реттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган болып белгіленсін. < * >

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.11.14. N 1204 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі тоғыз ай мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне мұнай операцияларын қоспағанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алуды реттеу жөнінде ұсыныстар енгізсін. < * >

Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.11.14. N 1204 қаулысымен.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 7 маусымдағы
N 612 қаулысымен
бекітілген

Мұнай операцияларын жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алу ережесі

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы заң күші бар

Жарлығының (бұдан әрі - Жер қойнауы туралы жарлық) 63-бабының 1-тармағының 7)-9) тармақшаларымен, Қазақстан Республикасы Президентінің "Мұнай туралы" 1995 жылғы 28 маусымдағы заң күші бар Жарлығының (бұдан әрі - Мұнай туралы жарлық) 41-бабының 6)-8) тармақшаларымен көзделген Мердігерлердің міндеттемелерін іске асыру үшін жағдай жасау мақсатында әзірлеу және мұнай операцияларын жүргізу кезінде тауарларды, мыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алу тәсілдері мен шарттарын белгілейді.

2. Осы Ереже Мұнай операцияларын жүргізуге арналған келісім-шарт бойынша Мердігердің (бұдан әрі - Мердігер, мердігерлер) Қазақстан Республикасының аумағында мұнай операцияларын жүргізу кезінде оның тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алуы кезіндегі қызметіне қ о л д а н ы л а д ы .

Көрсетілген Мердігер тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алуға арналған өзінің құқығын үшінші тұлғаға берген жағдайларда, осы Ереже осындай үшінші тұлғаның қызметіне ол Мердігердің пайдасына тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алуды жүзеге асырған кезде қолданылады.

3. Осы Ережеде Жер қойнауы туралы жарлық пен Мұнай туралы жарлықта көзделген терминдер мен анықтамалар қолданылады.

4. Осы Ереженің мақсаттары үшін мынадай терминдер мен анықтамалар қ о л д а н ы л а д ы :

1) "тапсырыс беруші" - Қазақстан Республикасының аумағында мұнай операцияларын жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді с а т ы п а л у ш ы М е р д і г е р ;

2) "сатушы" - Тапсырыс беруші осы Ережемен белгіленген тәртіппен одан тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуі сатып алатын заңды немесе жеке т ұ л ғ а ;

3) "уәкілетті мемлекеттік орган" - мұнай операцияларын жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алу тәртібін реттеу жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мемлекеттік орган;

4) "тауарлар" - мұнай операцияларын жүргізу үшін қажетті жабдық, дайын өнім және өзге де материалдар;

5) "жұмыстар" - Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша ақысына мұнай операцияларын жүргізу үшін қажетті тауарлар жасау (өндіру), жабдықты монтаждау, ғимараттар салу жөніндегі жұмыстар мен өзге де жұмыстарды о р ы н д а у ;

6) "қызметтер көрсету" - Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша ақысына нәтижесінде тауарлар өндірілмейтін не объектісі материалдық заттар болып табылмайтын, бірақ мұнай операцияларын жүргізу үшін қажетті белгілі бір

іс-әрекет жасау немесе белгілі бір қызметті жүзеге асыру;

7) "конкурс" - Тапсырыс беруші белгілі бір немесе белгісіз тұлғалар ортасына мұнай операцияларын жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсету сатып алуға арналған сауда-саттыққа қатысуға ұсыныс жасайтын және оларға ұсынылған бастапқы шарттар негізінде қатысушылардың ішінен кім ең жақсы шарт ережелерін ұсынса, сонымен шарт жасасуға міндеттенетін тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алу тәсілі;

8) "Қазақстан Республикасының аумағында тікелей тауар өндіру" қазақстандық кәсіпорынның мұнай операцияларын жүргізу үшін қажетті және оның Қазақстан Республикасының аумағында өндірілгендігін растайтын шыққан жерінің сертификаты (не оны беру кепілдігі) бар тауар өндіруі;

9) "Қазақстан Республикасының аумағында тікелей жұмыс өндіру" қазақстандық кәсіпорынның мұнай операцияларын жүргізу үшін қажетті шетел шикізатын, материалдарды, жабдықтарды сатып алуға жұмсалатын шығынның 50%-ынан аспайтын үлесімен жұмыс орындауы, сондай-ақ жұмыстың жалпы құнының 30%-ынан аспайтын қосалқы орындаушылар ретінде шетелдік жұмыс күшін және/немесе шетелдік ұйымдарды тартуы;

10) "Қазақстан Республикасының аумағында тікелей қызметтер көрсету өндіру" - қазақстандық кәсіпорынның мұнай операцияларын жүзеге асыру үшін қажетті көрсетілетін қызметтері жалпы құнының 30%-ынан аспайтын қосалқы орындаушылар ретінде шетелдік мамандарды және/немесе шетелдік ұйымдарды тартуға жұмсалатын шығынның үлесімен қызметтер көрсетуі;

11) "жабық конкурс" - конкурсқа қатысуға ұсыныс оған сәйкес белгілі бір тұлғалар ортасына арналған конкурстың түрі;

12) "ашық конкурс" - конкурсқа қатысуға ұсыныс оған сәйкес белгілі емес тұлғалар ортасына арналған конкурстың түрі;

13) "конкурсты ұйымдастырушы" - тапсырыс беруші немесе тапсырыс беруші тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алуға арналған құқықты бере алатын үшінші тұлға;

14) "қазақстандық кәсіпорындар" - Қазақстан Республикасында құрылған заңды тұлғалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлері мен жеке тұлғалары;

15) "шетелдік ұйымдар" - "қазақстандық кәсіпорындар" деген анықтамаға жатпайтын заңды тұлғалар;

16) "конкурс өткізбей сатып алу" - мұнай операцияларын жүргізу үшін қажетті тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді Тапсырыс берушінің конкурс өткізбей сатып алуы;

17) "конкурсқа ықтимал қатысушы" - конкурс өткізу туралы ақпарат жіберілетін заңды немесе жеке тұлға;

18) "конкурсқа қатысушы" - конкурстық өтінім берген, ал конкурстың қамтамасыз етуді беру туралы шарты болған кезде конкурс өткізу ережелеріне сәйкес қажетті қамтамасыз етуді де берген конкурсқа ықтимал қатысушы;

19) "конкурс жеңімпазы" - конкурсты өткізу барысында конкурстық өтінімін конкурстық комиссия үздік деп тапқан конкурсқа қатысушы;

20) "конкурс нәтижелері бойынша шарт" - Тапсырыс беруші конкурс жеңімпазымен жасасатын шарт.

5. Мұнай операцияларын жүргізу кезінде Тапсырыс беруші Жер қойнауы туралы жарлықтың және Мұнай туралы жарлықтың талаптарына сәйкес олар стандарттар мен осы Ережеде белгіленген тәртіппен басқа да талаптарға сәйкес келген кезде қазақстандық кәсіпорындардан тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуі сатып алуға міндетті.

2-бөлім. Уәкілетті мемлекеттік органның құзыреті

6. Уәкілетті мемлекеттік орган:

1) мұнай операцияларын жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуі сатып алу процесінің мониторингін жүзеге асырады;

2) осы Ереженің негізінде Тапсырыс берушінің өтініштерін қарау және конкурс өткізбей сатып алуға рұқсаттар беру тәртібі туралы, Конкурс өткізу шарттарын бекіту тәртібі туралы, Конкурстық комиссияға уәкілетті мемлекеттік органның өкілін тағайындау тәртібі туралы және конкурс нәтижелерін бекіту тәртібі туралы нұсқаулық әзірлейді;

3) мұнай операцияларын жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алуға бақылауды жүзеге асырады;

4) мұнай операцияларын жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алуға конкурс өткізу шарттарын бекітеді;

5) конкурс өткізу жөніндегі конкурстық комиссияға уәкілетті мемлекеттік органның өкілін тағайындайды;

6) уәкілетті мемлекеттік органның өкілі ретінде өзге де мемлекеттік органдардың қызметкерлерін немесе меншік нысанына қарамастан, қауымдастықтар (одақтардың) өкілдерін тартады, бірақ бұл ретте ол өкілге уәкілетті мемлекеттік органның бақылау функцияларын жүзеге асыру жөніндегі өкілеттігін беруге құқылы емес;

7) мұнай операцияларын жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алуға арналған конкурстың өту нәтижелерін бекітеді;

8) осы Ережемен көзделген жағдайларда Тапсырыс берушілердің конкурс өткізбей сатып алуға рұқсат беру туралы өтінішін қарайды, конкурс өткізбей сатып алуға рұқсат немесе рұқсатқа уәждеделген бас тарту береді;

9) мұнай операцияларын жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алу мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық

кесімдердің жобаларын әзірлеуді жүзеге асырады, өз құзыреті шегінде мұнай операцияларын жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алуды жүргізу жөніндегі әдіснамалық материалдарды әзірлейді және б е к і т е д і ;

10) мұнай операцияларын жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алу мәселелері бойынша тапсырыс берушілерге әдіснамалық және ұйымдастырушылық көмек көрсетеді.

3-бөлім. Тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алу жөніндегі алдын ала рәсімдер

7. Тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алғанға дейін Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және құрылтай құжаттарының ережелеріне сәйкес тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алу туралы шешім қабылдайды.

8. Тапсырыс берушінің тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алу туралы шешімі мыналарды қамтуы тиіс:

1) Тапсырыс беруші органының тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алу туралы шешім қабылдауға құзыретінің құрылтай құжаттарының ережелеріне және заңнама талаптарына сәйкестігін көрсетуді;

2) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтер көрсетудің номенклатурасы мен көлемдерін, олардың қажетті техникалық немесе өзге де сипаттамасын, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтер көрсетудің жүргізілетін мұнай операцияларының сипаты мен мазмұнына сәйкестігіне негіздемені;

3) Тапсырыс берушінің лауазымды тұлғаларын не Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша әрекет етуші, мұнай операцияларын жүргізу кезінде тауарларды жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуге жауапты үшінші тұлғаларды анықтауды;

4) мұнай операцияларын жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алу тәсілін;

5) осы Ережеге сәйкес тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алу үшін қажетті өзге де мәліметтері.

9. Тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алу конкурс өткізбей сатып алу тәсілінің көмегімен жүзеге асырылған жағдайларда, Тапсырыс беруші алдын ала рәсімнің шеңберінде уәкілетті мемлекеттік органның алдында осы Ережемен көзделген тәртіппен рұқсат беру туралы өтініш жасайды.

4-бөлім. Мұнай операцияларын жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алу тәсілдері және оларды қолдану шарттары

10. Мұнай операцияларын жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алу тәсілдері мыналар болып табылады:

1) к о н к у р с ;

2) конкурс өткізбей сатып алу.

11. Мұнай операцияларын жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алудың негізгі тәсілі конкурс болып табылады.

12. Конкурс өткізу кезінде міндетті түрде конкурстық комиссияға уәкілетті мемлекеттік органның өкілін енгізу талап етіледі.

13. Конкурс өтті деп тану үшін қатысушылардың ұсыныстарын Конкурсты ұйымдастырушы конкурс талаптарын қанағаттандырады деп таныған ретте, оған кемінде екеуі қатысуы қажет.

14. Конкурс Қазақстан Республикасының аумағында өтуі тиіс.

15. Конкурс өткізудің негізгі тілі мемлекеттік тіл немесе орыс тілі болып табылады.

16. Барлық конкурстық құжаттама, конкурстық өтінімдерді қоса алғанда, орыс тілінде табыс етуі тиіс.

17. Әртүрлі тілдерде жазылған конкурстық құжаттар (конкурстық өтінімдерді қоса алғанда) шарттарында қарама-қайшылықтар болған кезде, басымдылық орыс тілінде жазылған құжаттарға беріледі.

18. Конкурс өткізу кезінде конкурстың кез келген түрін - жабық немесе ашық конкурсты пайдалануға, сондай-ақ Конкурсты өткізудің екі кезеңді рәсімдерін пайдалануға жол беріледі.

19. Конкурсты ұйымдастырушы мынадай жағдайларда екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, конкурс өткізуге құқылы:

1) тауарлардың, жұмыстардың немесе қызметтер көрсетудің егжей-тегжейлі ерекшеліктерін толық тұжырымдау және олардың техникалық, және өзге де сипаттамаларын анықтау қиын болғанда және конкурстық ұйымдастырушыға ықтимал қатысушылардың конкурстық ұсыныстарын сұрау немесе олармен келіссөздер жүргізу қажет болғанда;

2) ғылыми зерттеулер, эксперименттер, іздестірулер жүргізу немесе талдамалар жасау қажет болғанда;

3) бір кезеңді конкурс конкурс жеңімпазын анықтауға жеткізбегенде.

20. Екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын конкурс мынадай кезеңдердің жиынтығын білдіреді:

1) ықтимал қатысушылардан конкурстық өтінімнің бағасын көрсетпей, тауарлардың, жұмыстардың, қызметтер көрсетудің техникалық, сапалық немесе өзге де сипаттамаларына қатысты ұсыныстарды сұрату, табыс еткен ұсыныстарға талдау жүргізу және қажет болған кезде, ықтимал қатысушылармен келіссөздер жүргізу ;

2) Конкурсты ұйымдастырушы алдын ала іріктеген ұсыныстары тауарлардың, жұмыстардың, қызметтер көрсетудің берілген техникалық, сапалық немесе өзге де сипаттамаларына сәйкес деп танылған конкурсқа ықтимал қатысушылардың бағасын көрсете отырып конкурстық өтінімдерді енгізуі.

21. Конкурс өткізбей сатып алу тәсілімен тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алу үшін осы Ережемен көзделген тәртіппен және шарттарда уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатын алу қажет.

5-бөлім. Конкурс өткізу шарттары

22. Конкурс өткізу үшін Тапсырыс беруші уәкілетті мемлекеттік органда конкурс өткізу шарттарын бекітуге міндетті.

23. Конкурс өткізу шарттарын бекіту үшін Конкурсты ұйымдастырушы уәкілетті мемлекеттік органға конкурстың түрі, сондай-ақ конкурсты ұйымдастырушы дайындайтын конкурс өткізу шарттары көрсетілуі тиіс тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алу туралы шешімді табыс етуге міндетті.

24. Конкурс өткізу шарттары өзіне мыналарды қамтуы тиіс:

1) конкурсқа ықтимал қатысушыларға жіберілетін конкурс өткізу туралы а қ п а р а т т ы ;

2) конкурстық құжаттаманың мазмұнын;

3) Конкурстық комиссия туралы ережені.

25. Ұйымдастырушының шешімі бойынша конкурс өткізу шарты өзіне осы Ережемен көзделмеген, бірақ сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтер көрсетудің сипаты мен мазмұнына сәйкес келетін өзге де ақпаратты қамтуы мүмкін.

26. Конкурс өткізу туралы ақпарат мыналарды қамтуы тиіс:

1) Конкурсты ұйымдастырушының атауы мен орналасқан жерін;

2) конкурстың түрі көрсетілуін;

3) сатып алу болжанып отырған тауарлардың, жұмыстар мен қызметтер көрсетудің көлемін, сапасын, номенклатурасын және тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету орнын;

4) тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың және қызметтерді көрсетудің талап етілетін мерзімдерін;

5) конкурстық құжаттаманы алу орны мен тәсілдерін;

6) конкурс өткізу орны мен уақытын, сондай-ақ конкурсқа қатысуға өтінім б е р у о р н ы м е н м е р з і м і ;

7) конкурсқа ықтимал қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын.

27. Конкурсты ұйымдастырушының шешімі бойынша конкурс өткізу туралы ақпарат өзіне осы Ережемен көзделмеген, бірақ сатып алынатын тауарлардың,

жұмыстар мен қызметтер көрсету сипаты мен мазмұнына сәйкес келетін өзге де ақпаратты қамтуы мүмкін.

28. Біліктілік талаптары өзіне конкурсқа ықтимал қатысушының мынадай өлшемдерін қамтуы тиіс:

- 1) кәсіби құзыреттілігі мен тәжірибесі, іскерлік беделі;
- 2) қаржылық, материалдық және кадрлық (еңбек) ресурстары;
- 3) құқық қабілетінің болуы.

29. Конкурсты ұйымдастырушының шешімі бойынша біліктілік талаптары өзіне осы Ережемен көзделмеген, бірақ сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтер көрсетудің сипаты мен мазмұнына сәйкес келетін өзге де өлшемдерді қамтуы мүмкін. Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтер көрсетудің тиісті сипатына және мазмұнына негізделмеген өлшемдерді біліктілік талаптарына енгізуге жол берілмейді.

30. Конкурстық құжаттама өзіне мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) конкурсқа қатысушының (ықтимал қатысушының) біліктілік мүмкіндіктерін растайтын құжаттардың тізбесі мен нысанын;
- 2) техникалық ерекшеліктерді, жоспарларды, сызбалар мен эскиздерді, қоса алғанда, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтер көрсетудің техникалық және сапалық сипаттамаларын; тауардың санын; орындауға жататын кез келген ілеспе қызметтер көрсетуді; жұмыстардың орындалатын немесе тауарлар мен қызметтер көрсетудің ұсынылатын орнын; тауарды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың немесе қызметтер ұсынудың талап етілетін мерзімдерін;

3) жеңіп шыққан конкурстық өтінімді анықтаған кезде конкурстық комиссия ескеретін өлшемдердің тізбесін;

4) егер тауарлардың, жұмыстар мен қызметтер көрсетудің баламалы сипаттамаларына жол берілетін болса, баламалы конкурстық өтінімдерді бағалау мен салыстыру тәсілін тиісті нұсқауды және сипаттауды;

5) шарттың ережелерін немесе конкурстық құжаттамада жазылған басқа да талаптарды;

6) негізінде конкурстық өтінімнің бағасы, оған баға тауарлардың, жұмыстар мен қызметтер көрсетудің өздерінің құнынан бөлек, мысалы, тасымалдау мен сақтандыруға, кедендік баждар мен салықтар төлеуге жұмсалатын кез-келген шығыстар сияқты басқа да элементтерді қамтуы тиіс пе деген нұсқауды қоса алғанда, есептелінуі тиіс әдістемені;

7) конкурсқа қатысушының (ықтимал қатысушының) конкурстық өтінімдерін беруі соңғы мерзімі аяқталғанға дейін өзінің конкурстық өтінімін өзгерту немесе қайтарып алу құқығына тиісті нұсқауды;

8) конкурстық өтінімдерді берудің тәсілін, орны мен соңғы мерзімін және

олардың қолданылу мерзімі;

9) олардың көмегімен конкурсқа қатысушылар конкурстық құжаттамаға байланысты түсініктеме сұрай алатын тәсілдерді және Тапсырыс берушінің осы кезеңде конкурсқа қатысушылармен (ықтимал қатысушылармен) кездесулер өткізуге ниеті туралы өтінішті;

10) конкурстық өтінімдер бар конверттерді ашатын орынды, күнді және уақытты;

11) конкурстық өтінімдер бар конверттерді ашу және конкурстық өтінімдерді қарау үшін пайдаланылатын рәсімдерді;

12) конкурсқа дайындық пен оны өткізуге жауапты лауазымды тұлғаға нұсқауды.

31. Конкурсты ұйымдастырушы жекелеген жағдайларда ең жоғары бастапқы баға белгілей алады.

32. Конкурстық комиссия туралы ереже мыналарды қамтуы тиіс:

1) конкурстық комиссияны ұйымдастыру мен оның қызметінің тәртібін;

2) конкурстық комиссияның сандық құрамы туралы, конкурстық комиссияға уәкілетті мемлекеттік органның өкілдері болып табылатын мүшелері тарту тәртібі, олардың қызметінің бейіні туралы мәліметтерін;

3) конкурстық комиссия төрағасының, оның орынбасарының және конкурстық комиссия хатшысының кандидатурасы туралы мәліметтерді;

4) конкурстық комиссия мүшесі - уәкілетті мемлекеттік орган өкілінің құқықтары мен міндеттері туралы мәліметтерді.

33. Конкурстық комиссия туралы ережеде конкурстық комиссияға конкурс өткізу ережелерінің шарттарын бекіту кезінде соңынан тағайындалатын уәкілетті мемлекеттік органның өкілін тарту және конкурстық комиссияның осы мүшесінің құқықтары мен міндеттері туралы шарт қамтуы тиіс.

34. Конкурсты ұйымдастырушыда тиісті бейіндегі мамандар болмаған кезде, сондай-ақ сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтер көрсетудің сипаты мен мазмұнына негізделген жағдайларда, Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық комиссияға оның мүшелері немесе сарапшылары ретінде мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың өкілдерін, соңғыларымен келісім бойынша тарта алады.

35. Конкурс өткізу шарттарын бекітуге табыс етілген қабылдауда осы Ережемен көзделген барлық құжаттың табыс етілмеу себебі бойынша бас тартылуы мүмкін.

36. Уәкілетті мемлекеттік орган құжаттарды қабылдаған күннен бастап 10 күннен аспайтын мерзімде табыс етілген конкурс өткізу шарттарын бекітуге не Конкурсты ұйымдастырушыға уәждеделген бас тарту беруге міндетті.

37. Конкурс өткізу шарттарын бекіту кезінде уәкілетті мемлекеттік орган кандидатурасы конкурс өткізу шарттарын бекітумен бір мезгілде Конкурсты ұйымдастырушыға жеткізілетін өзінің өкілін конкурстық комиссияға тағайындауға міндетті.

38. Конкурс өткізу шарттарын бекітуден бас тартқан жағдайда, уәкілетті мемлекеттік орган Конкурсты ұйымдастырушыға тиісті хабарлама жіберуге міндетті.

39. Конкурс өткізу шарттарын бекіту конкурс өткізудің әрбір жағдайында жеке жүргізіледі. Конкурсты ұйымдастырушының қалауы бойынша өткізілетін конкурс өткізу шарттарын жалпы бекітуге жол берілмейді.

40. Уәкілетті мемлекеттік орган мынадай жағдайларда конкурс өткізу шарттарын бекітуден бас тартуға міндетті:

- 1) бекітуге табыс етілген құжаттарда дұрыс емес мәліметтер болғанда;
- 2) конкурс өткізу шарттарының жекелеген ережелері немесе табыс етілген құжаттар осы Ережемен көзделген талаптарға немесе Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес келмегенде.

41. Конкурсты ұйымдастырушы уәкілетті мемлекеттік органның конкурс өткізу шарттарын бекітуден бас тартуына сот тәртібімен шағымдануға, ал конкурс өткізу шарттарын бекітуді немесе одан бас тартуды белгіленген мерзімде алмаған не уәкілетті мемлекеттік орган уәжделген бас тарту табыс етпеген жағдайда - конкурс өткізу шарттарын бекітуді сот тәртібімен талап етуге құқылы.

42. Бекітілген конкурс өткізу шарттары, егер уәкілетті мемлекеттік орган неғұрлым қысқа мерзім белгілемегенде ғана, алты ай ішінде қолданылады. Егер конкурсты өткізу шарттарының қолданылу мерзімі бекітуде көрсетілмесе, онда шарт бекітілген сәттен бастап алты ай ішінде жарамды деп саналады. Қажет болған кезде Конкурсты ұйымдастырушының өтініші бойынша бекітілген конкурс өткізу шарттарының қолданылу мерзімі ұзартылуы, бірақ алты айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

6-бөлім. Конкурс өткізу тәртібі

43. Конкурс өткізу шарттары бекітілгеннен кейін Конкурсты ұйымдастырушы ықтимал қатысушыларды конкурс өткізу туралы хабардар етеді.

44. Конкурс өткізу туралы ақпарат конкурсқа ықтимал қатысушыларға конкурстық өтінімдерді қабылдау аяқталғанға дейін 30 күннен кешіктірмей жіберілуі тиіс.

45. Конкурсқа ықтимал қатысушыларды ақпараттандыру тәсілі өткізілетін конкурс нысанына сәйкес болуы тиіс. Ашық конкурс өткізу кезінде конкурс өткізу туралы ақпарат республикалық мерзімді баспа басылымдарында жариялануға тиіс.

46. Конкурс өткізу кезінде өткізілетін конкурс шарттарына, сондай-ақ жүргізілетін мұнай операцияларына қойылатын стандарттар мен басқа да талаптарға сәйкес келетін тауарлар өндіруші, жұмыстар орындаушы және қызметтер көрсетуші қазақстандық кәсіпорындар конкурсқа қатысуға басым тәртіппен тартылуы тиіс.

47. Өткізілетін конкурс шарттарына, сондай-ақ жүргізілетін мұнай операцияларына қойылатын стандарттар мен басқа да талаптарға сәйкес келетін Қазақстан Республикасының аумағында тауарлар өндіруші, жұмыстар орындаушы және қызметтер көрсетуші қазақстандық кәсіпорындар болған кезде, шетелдік ұйымдардың арасында ғана конкурс өткізуге жол берілмейді.

48. Конкурстық комиссия Конкурстық комиссия туралы ереже бекітілген сәттен бастап және өткізілетін конкурс нәтижелері бойынша түпкілікті шешім қабылданғанға дейін әрекет етеді.

49. Конкурстық комиссияның төрағасы оның жұмысына басшылық жасайды, комиссия отырыстарында төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерін іске асыруға жалпы бақылауды жүзеге асырады және конкурстық комиссия жүзеге асыратын қызметке жауапкершілікте болады.

50. Конкурстық комиссияның хатшысы тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алуды ұйымдастыруға және жүргізуге жауапты Конкурсты ұйымдастырушының тиісті бөлімшесінің орыс тілін білетін маманы болып табылады. Конкурстық комиссия хатшысының конкурстық комиссия шешімдер қабылдаған кезде дауыс беру құқығы жоқ. Конкурстық комиссияның хатшысы ықтимал қатысушыларға конкурстық құжаттаманы ұсынады, конкурсқа ықтимал қатысушыларды тіркеу журналын жүргізеді, конкурсқа қатысушылардан конкурстық өтінімдер бар конверттерді қабылдайды, конкурстық комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстар, қажетті құжаттар, материалдар дайындайды және оны өткізгеннен кейін отырыстың хаттамаларын ресімдейді.

51. Техникалық сарапшылар конкурстық комиссияның жұмысына конкурсқа қатысушылар ұсынып отырған тауарлардың, жұмыстар мен қызметтер көрсетудің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі жөнінде сараптамалық қорытынды беру үшін тартылуы мүмкін. Техникалық сарапшылардың конкурстық комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы жоқ. Сараптамалық қорытынды жазбаша түрде ресімделеді және конкурстық комиссия отырысының хаттамасына қоса беріледі.

52. Конкурстық комиссияның жұмысын ұйымдастыру-техникалық қамтамасыз етуді тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты Конкурсты ұйымдастырушының тиісті бөлімшесі жүзеге асырады.

53. Конкурсты ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінім берген конкурсқа барлық ықтимал қатысушыларға конкурстық құжаттама беруге міндетті.

54. Конкурсқа қатысуға тілек білдірген конкурсқа ықтимал қатысушы Конкурсты ұйымдастырушыға белгіленген мерзімдерде және желімделген конвертте конкурстық құжаттамаға сәйкес конкурстық өтінімді табыс етуі тиіс.

55. Конкурсты ұйымдастырушы конкурсқа ықтимал қатысушылардың Конкурсты ұйымдастырушы белгілеген мерзімдер немесе табыс етілетін конкурстық өтінімнің мазмұнына қойылатын талаптар бұзылып табыс етілген конкурстық өтінімін қарамауға құқылы.

56. Конкурсқа ықтимал қатысушы конкурстық құжаттама ережелеріне түсіндірме беру туралы, бірақ конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін 10 күннен кешіктірмей, сұрау салып жүгінуге құқылы. Конкурсты ұйымдастырушы ықтимал қатысушының мұндай сауалына үш күн мерзімде жауап беру және сауал кімнен түскенін көрсетпестен, мұндай түсіндірмені Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттама табыс еткен барлық ықтимал қатысушыға хабарлауы тиіс.

57. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдерін табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін кез келген уақытта өзінің жеке бастамасы бойынша не қандай да бір ықтимал қатысушы тарапынан түсіндірме туралы сауалға жауап ретінде конкурстық құжаттаманы толықтыру басып шығару жолымен өзгертуге құқылы. Толықтыру Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттама табыс еткен барлық ықтимал қатысушыға шұғыл түрде хабарланады және мұндай ықтимал қатысушылар үшін міндетті күшінде болады, бұл ретте конкурстық өтінім табыс ету мерзімін есептеу мұндай толықтырулардың соңғысы туралы ықтимал қатысушыларға хабарлаған күннен бастап жүргізіледі.

58. Конкурстық өтінімдер конкурстық құжаттамада көрсетілген мерзім ішінде күшінде қалады.

59. Конкурстық өтінімдер қолданылу мерзімі өткенге дейін Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық қатысушыларынан (ықтимал қатысушылардан) осы мерзімді қосымша нақты уақыт кезеңіне ұзартуды өтіне алады. Қатысушы (ықтимал қатысушы) мұндай сауалды қабылдамайды және оның конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімі ұзартылмаған қолданылу мерзімі өткен соң аяқталады.

60. Ықтимал қатысушы өзінің конкурстық өтінімін өзгерте немесе кері қайтарып ала алады. Мұндай өзгерту немесе кері қайтарып алу туралы хабарлама, егер оны конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін алса, жарамды болып табылады.

61. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді ашуға конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу орны, күні және уақыты туралы конкурстық құжаттаманың мазмұнына сәйкес кіріседі.

62. Конкурс өткізу басталғанға дейін конкурстық комиссия Конкурсты ұйымдастырушы дайындаған конкурстық құжаттамамен танысуы тиіс.

63. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашады, бағалайды және оларды салыстырады әрі осы Ереже мен конкурстық құжаттаманың ережелеріне сәйкес және конкурстық өтінімдер табыс еткен барлық келген конкурсқа қатысушылардың немесе олардың уәкілетті өкілдерінің қатысуымен конкурстың қорытындысын шығарады.

64. Конкурстық комиссия конверттерді ашу кезінде қатысушы тұлғаларға конкурсқа қатысушылардың атаулары мен орналасқан жерлерін, олар ұсынған бағаны және конкурстық өтінімнің басқа да негізгі шарттарын хабарлайды, содан кейін конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді қарауға, бағалауға және салыстыруға кіріседі.

65. Конкурстық өтінімдерді қарау, бағалау және салыстыру кезінде:

1) конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды желдету үшін конкурсқа қатысушылардан олардың Конкурстық өтінімдеріне байланысты түсіндірмелер табыс етулерін сұрай алады;

2) формалды талаптарға жауап бермейтін конкурстық өтінімді осы талаптарға сәйкес келтіру үшін ешқандай сауалдарға, ұсыныстарға немесе рұқсаттарға жол берілмейді.

66. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімді, егер онда елеулі өзгерте алмайтын немесе конкурстық құжаттамада баяндалған сипаттамалардан, шарттар мен өзге де талаптардан елеулі ауытқу болып табылмайтын болар-болмас ауытқулар болса немесе егер онда конкурстық өтінімнің мәніне тиіспей түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер кездесе, формалды талаптарға жауап беруші ретінде қарай алады. Кез келген мұндай ауытқулар мүмкіндігінше сандық көрініс табады және конкурстық өтінімдерді бағалау және салыстыру кезінде ескеріледі.

67. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімді қабылдамайды, егер:

1) осы конкурстық өтінімді табыс еткен конкурсқа қатысушы біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;

2) осы конкурстық өтінім осы Ереженің 66-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, формалды талаптарға жауап бермесе.

68. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысу үшін қабылданған конкурстық өтінімдерді бағалайды және салыстырады әрі конкурстық құжаттамада көрсетілген өлшемдерді ескере отырып, жеңіп шыққан конкурстық өтінімді анықтайды.

69. Конкурстық комиссия жеңіп шыққан конкурстық өтінімді анықтау кезінде мынадай өлшемдерді ескереді:

1) конкурстық өтінімнің Тапсырыс беруші төлеуге жататын салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомаларын есептемегендегі бағасы;

2) тауарлармен байланысты пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған шығыстар, тауарларды жеткізіп беру, жұмыстарды аяқтау немесе қызметтер көрсетуді ұсыну мерзімдері, тауарлардың функционалдық сипаттамалары, соның ішінде тауардың сапа сертификатының немесе шыққан жері сертификатының болуы, төлем шарттары және тауарларға, жұмыстар мен қызметтер көрсетуге кепілдік беру шарттары;

3) өзге де тең шарттарда осы Ереженің 5-тармағына сәйкес тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді өндіруші қазақстандық кәсіпорындардың басымдығы, бұл ретте тауарлар өндіруші қазақстандық кәсіпорындардың басымдығы оның Қазақстан Республикасында өндірілгендігін (не оның берілу кепілдігін) растайтын тауардың шыққан жері сертификатын беру кезінде ескеріледі, ал жұмыстар мен қызметтер көрсетуді өндіруші қазақстандық кәсіпорындардың басымдығы жұмыстар мен қызметтер көрсетуді қосалқы сатушы ретіндегі қазақстандық жұмыс күшін, қазақстандық мамандарды және қазақстандық кәсіпорындарды тарту дәрежесіне байланысты ескеріледі.

70. Шетелдік ұйымдардың конкурстық өтінімдерінің басқа тең шарттарында үздік өтінімді анықтау кезінде конкурстық комиссия артықшылықты мынадай қатысушыларға беруі тиіс:

1) өзінің жұмыстарын, тауарлары мен қызметтер көрсетуін Қазақстан Республикасының аумағында өндіретін;

2) республикаға жоғары технологиялық өндірісті тартатын;

3) қазақстандық кәсіпорындардың тауарларын, жұмыстарын немесе қызметтер көрсетуін пайдаланатын;

4) шетелдік тауарларды, жұмыстарды немесе қызметтер көрсетуді оның жарғылық капиталында қазақстандық кәсіпорынның кемінде 50% қатысуымен бірлескен кәсіпорын құру жағдайында ұсынатын.

71. Конкурстың мәні консультациялық қызметтер көрсетуді тарту болып табылған жағдайда, іріктеу өлшемдері де мыналар болып табылады:

1) консультациялық қызметтер көрсетудің сапалық сипаттамалары;

2) мұндай қызметтер көрсету рыногындағы ықтимал сатушының жұмыс тәжірибесі.

72. Конкурстық комиссия, егер конкурстың шарттарымен мейлінше ұзақ мерзім белгіленбесе ғана, конкурстық өтінімдер бар конверттерді ашқан күннен

бастап 10 күннен аспайтын мерзімде конкурстық комиссияның шешім қабылдауы жолымен конкурстың қорытындыларын шығарады.

73. Конкурстың қорытындылары бойынша мынадай шешімдердің бірі қ а б ы л д а н у ы м ү м к і н :

1) конкурстық өтінімдер табыс еткен қатысушылардың онда екеуден аз қатысуына байланысты не конкурстың шарттарын қанағаттандырған барлық конкурстық өтінімдерді қабылдамауға байланысты конкурсты өткізілмеді деп т а н у т у р а л ы ;

2) конкурстың жеңімпазын хабарлау туралы.

74. Конкурстың қорытындылары бойынша шешім конкурстық комиссия қол қоятын осы Ереженің талаптарына сәйкес конкурстық комиссия отырысының хаттамасы түрінде ресімделеді. Конкурстың жеңімпазын хабарлау туралы шешімде, сондай-ақ өткізілген конкурстың нәтижелері бойынша шартқа қол қою үшін мерзім көрсетілуі тиіс.

75. Конкурстық комиссияның шешімі ашық дауыс берумен қабылданады және егер ол үшін конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының басым көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп саналады. Дауыстар тең болған жағдайда , конкурстық комиссияның төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп саналады.

76. Конкурстық комиссия мүшелерінің ол айтылған жағдайда, жазбаша беру және конкурстық комиссия отырысының хаттамасына қоса тіркелуі тиіс айрықша пікірге құқығы бар.

77. Жеңімпаз деп танылмаған конкурсқа қатысушыға конкурстық комиссия оның өтініші қаралу кезінде жеңімпаз болып танылмаған өлшемдерді қысқаша сипаттай отырып, конкурстың нәтижелері туралы жазбаша түрде хабарлауы тиіс.

78. Конкурстың қорытындылары туралы хаттама мыналарды қамтуы тиіс:

1) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтер көрсетудің қ ы с қ а ш а с и п а т т а м а с ы ;

2) конкурсқа қатысушылардың атаулары мен орналасқан жерлері, сондай-ақ конкурс жеңімпазының атауы, орналасқан жері және ол жеңімпаз деп танылған ш а р т т а р ;

3) конкурстық өтінімдерді табыс еткен конкурсқа қатысушылардың біліктілік деректері туралы ақпарат немесе осындай деректердің жоқ болуы туралы ақпарат ;

4) әрбір конкурстық өтінімнің бағасы және басқа да негізгі шарттарының қ ы с қ а ш а м а з м ұ н ы ;

5) конкурстық өтінімдерді бағалау өлшемдерінің қысқаша мазмұны және о л а р д ы с а л ы с т ы р у ;

б) барлық конкурстық өтінімдерді қабылдамауға байланысты, егер конкурс

нәтижесінде жеңімпаз анықталмаса, тиісті себептерді көрсету;

7) конкурстық құжаттамаға, оларға жауаптарға түсіндірме беру туралы сауалдардың қорытылған мазмұны.

79. Конкурстық комиссияның шешімі мен конкурстың қорытындыларына барлық мүдделі тұлға заңнамада белгіленген тәртіппен шағым жасауы мүмкін.

80. Конкурстың қорытындылары туралы хаттама уәкілетті мемлекеттік органда конкурстың қорытындыларын шығару кезінен бастап он күн мерзімде бекітуге жатады.

81. Конкурстың қорытындылары туралы хаттаманы уәкілетті мемлекеттік органда бекіткенге дейін Конкурсты ұйымдастырушы конкурс жеңімпазымен өткізілген конкурс нәтижелері бойынша шарт жасасуға құқылы емес.

82. Уәкілетті мемлекеттік орган конкурстың қорытындылары туралы хаттаманы бекітуге табыс еткен кезден бастап 10 күн мерзімде оны бекітуге немесе оны бекітуден уәждеделген бас тарту беруге міндетті.

83. Уәкілетті мемлекеттік орган конкурстың қорытындылары туралы хаттаманы бекітуден мына жағдайларда бас тартуға міндетті:

1) конкурстың қорытындылары туралы хаттама осы Ереженің талаптарына сәйкес келмеген кезде;

2) оны өткізу рәсінде конкурс өткізу ережелері бұзылған кезде.

84. Уәкілетті мемлекеттік орган конкурстың қорытындылары туралы хаттаманы бекітуден бас тартқан кезде конкурс өтпей қалды деп саналады.

85. Конкурсты ұйымдастырушы уәкілетті мемлекеттік органның конкурстың қорытындылары туралы хаттаманы бекітуден бас тартуына сот тәртібімен шағымдануға, ал конкурс қорытындылары туралы хаттаманы бекітуді немесе одан бас тартуды белгіленген мерзімде алмаған не уәкілетті мемлекеттік орган уәждеделген бас тарту табыс етпеген жағдайда, конкурс қорытындыларын бекітуді сот тәртібімен талап етуге құқылы.

86. Жеңімпаз анықталған конкурс қорытындылары туралы хаттама бекітілген жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушы конкурстың қорытындылары туралы хаттамада көзделген мерзімдерде өткізілген конкурстың нәтижелері бойынша конкурс жеңімпазымен шарт жасасуға міндетті.

87. Егер конкурс жеңімпазы өткізілген конкурс нәтижелері бойынша конкурс қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес белгіленген мерзімдерде шартқа қол қоймаған жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушы конкурс қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес жеңімпаздың ұсынысынан кейін ұсынысы Ұйымдастырушы үшін неғұрлым артық болып табылатын конкурсқа басқа қатысушымен шарт жасасуға құқылы.

88. Тараптар ережелеріне сәйкес өткізілген конкурс нәтижелері бойынша конкурс жеңімпазы анықталған шартқа қандай да болсын өзгерістер енгізуге құқылы емес.

89. Конкурс өтпей қалды деп танылған жағдайда, Конкурс ұйымдастырушы мыналарға құқылы:

1) конкурс өткізу ережелерін өзгертпей қайталама конкурс өткізуге;
2) конкурс өткізу ережесіне өзгеріс енгізе отырып, оның ішінде конкурс өткізудің екі кезенді рәсімдерін пайдаланып, конкурсты қолдану жолымен қайталама конкурс өткізуге;

3) осы Ережеге сәйкес конкурс өткізбей тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алу тәсілін қолдануға.

7-бөлім. Конкурс өткізбей сатып алу тәртібі

90. Конкурс өткізбей сатып алу тәсілі мынадай жағдайларда қолданылады:

1) осы тауарлар, жұмыстар мен қызметтер көрсету қандай да болсын нақты қазақстандық немесе шетелдік кәсіпорында болса немесе қандай да болсын нақты қазақстандық немесе шетелдік кәсіпорын осы тауарларға, жұмыстар мен қызметтер көрсетуге қатысты ерекше құқықтарға ие болғанда;

2) Тапсырыс беруші, тауарларды, жабдықты, технологияны немесе қызметтер көрсетуді қандай да бір сатушыдан сатып ала отырып, сол сатушыдан бірыңғайлау, стандарттау салдарынан және тұрғысынан немесе қолда бар тауарлармен, жабдықпен, технологиямен немесе қызметтер көрсетумен сәйкестілігін қамтамасыз ету қажеттілікке орай басқа да тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алуы тиіс;

3) конкурс өтпей қалды деп танылғанда.

91. Тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді конкурс өткізбей сатып алу үшін конкурс өткізбей сатып алу тәсілін қолдануға рұқсат алу қажет, ол үшін Тапсырыс беруші уәкілетті мемлекеттік органға рұқсат беру туралы өтініш білдіруі тиіс.

92. Тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді конкурс өткізбей сатып алу тәсілін қолдануға рұқсат беру туралы өтінішке Тапсырыс беруші осы Ережені 8-тармағында көзделген мәліметтерден басқа, мыналарды қамтуы тиіс тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алу туралы Тапсырыс берушінің шешімін қоса береді:

1) конкурс өткізудің мүмкін еместігі немесе орынсыздығы негіздемесін, ал егер конкурс өткізілген болса - өтпей қалған конкурс қорытындылары туралы хаттаманы және қайталама конкурсты қолданудың мүмкін еместігі немесе орынсыздығы негіздемесін, оның ішінде конкурс өткізу ережелерінің өзгеруін

қоса бере отырып, оны өтпей қалды деп танудың себептері;

2) конкурс өткізбей сатып алуды қолданудың негіздемесін растайтын өзге де құжаттарды.

93. Уәкілетті мемлекеттік орган 10 күн мерзімде тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді конкурс өткізбей сатып алуға рұқсат беруге немесе Тапсырыс берушіге рұқсат беруден уәжделген бас тартуды табыс етуге міндетті.

94. Тапсырыс беруші уәкілетті мемлекеттік органның Тапсырыс берушінің конкурс өткізбей сатып алу тәсілін қолдануына рұқсат беруден бас тартуына сот тәртібімен шағымдануға, ал белгіленген мерзімде рұқсат немесе рұқсат беруден бас тарту алмаған не уәкілетті мемлекеттік орган уәжделген бас тарту бермеген жағдайда - Тапсырыс берушінің конкурс өткізбей сатып алу тәсілін қолдануына рұқсатты сот тәртібімен талап етуге құқылы.

8-бөлім. Қорытынды ережелер

95. Мұнай операцияларын жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алу барысында осы Ережені бұзған жағдайда, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтер көрсету кез келген өтінім берушісі Тапсырыс берушінің әрекетіне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының сот орындарына шағымдануға құқылы.

96. Мұнай операцияларын жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатып алу процесіне қатысушылар осы Ереженің ережелерін және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдерін бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес жауапты болады.